

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломаттық және қызметтік паспорттары бар азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 13 қараша N 104-II

Нью-Делиде 1999 жылғы 17 тамызда жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы Дипломаттық және қызметтік паспорттары бар азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісім бекітілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі арасындағы дипломаттық және қызметтік паспорттары бар азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы  
КЕЛІСІМ**

*(2000 жылғы 4 желтоқсанда күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)*

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Үндістан Республикасының Үкіметі,  
екі мемлекет арасындағы достық қатынастар мен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ұмтыла отырып,  
төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

1. Жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар Тараптар мемлекеттерінің бірінің азаматтары келген сәтінен бастап 30 (отыз) күнге дейінгі мерзіммен визасыз екінші Тарап мемлекетінің аумағына келе алады, кете алады, транзитпен өте алады және онда уақытша бола алады. Ерекше жағдайларда азамат тиесілі Тараптың дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдығының жазбаша өтініші бойынша екінші Тарап сұрау салынған визаны бере алады.

2. Тараптар мемлекеттерінің бірінің азаматтары екінші Тарап мемлекетінің аумағында болатын кезінде осы Тарап мемлекетінің қолданылып жүрген заңдарын, оның ішінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар үшін белгіленген тіркелу, болу және жүріп-тұру ережелерін сақтауға міндетті.

**2-бап**

1. Екінші Тараптың аумағында орналасқан кез келген Тараптың дипломатиялық өкілдігінің немесе консулдығының мүшелеріне, егер олар осы Тараптың азаматтары болып табылатын болса және жарамды дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар болса, мүдделі дипломатиялық өкілдіктің немесе консулдың жазбаша өтініші бойынша оның іссапары мерзіміне жарамды тұрақты тұруына арналған виза беріледі.

2. Екінші Тараптың аумағында орналасқан халықаралық ұйымдарда өз елінің өкілдері болып табылатын және дипломаттық, сондай-ақ қызметтік паспорттары бар Тараптардың бірінің азаматтары осы Баптың 1-тармағында айтылатын құқықтарды п а й д а л а н а т ы н б о л а д ы .

3. Осы Баптың 1 және 2-тармақтарында аталған ережелер, сондай-ақ егер олардың дипломаттық әрі қызметтік паспорттары бар болса немесе балаларының аты-жөні әкесінің немесе анасының паспортына жазылған жағдайда, дипломатиялық өкілдік немесе консулдық мүшелерінің зайыптарына және олардың балаларына қатысты да қолданылады.

### **3-бап**

1. Тараптардың әрқайсысының өз шешімін дәлелдеп жатпастан екінші Тарап мемлекеті азаматының келуіне рұқсат беруден бас тартуға немесе оның осы мемлекет аумағында болу мерзімін қысқартуға құқығы бар.

2. Тараптардың әрқайсысының ерекше жағдайларда ұлттық қауіпсіздіктің, қоғамдық тәртіптің және денсаулық сақтаудың мүдделерін көздеп, осы Келісімнің қолданысын толық немесе ішінара тоқтатуға құқығы бар.

3. Тарап қысқа мерзімде, 24 сағат бұрын, бірақ одан кешіктірместен осындай шаралардың қабылданғандығы және тиісінше олардың күші жойылғандығы туралы екінші Тарапқа дипломатиялық арналар бойынша хабарлайды.

### **4-бап**

Тараптар мемлекеттерінің Сыртқы істер министрліктері осы Келісім жасалған сәттен бастап отыз күн ішінде дипломатиялық арналар бойынша бір-бірімен қолданылып жүрген дипломаттық және қызметтік паспорттардың үлгілерін, сондай-ақ кез келген жаңа паспорттарды енгізуге дейін кем дегенде отыз күн бұрын олардың үлгілерін алмасады және оларды қолданудың тәртібі туралы хабарлайды.

### **5-бап**

1. Тараптардың бірінің дипломаттық немесе қызметтік паспорттары бар азаматтары екінші Тараптың аумағында паспорттарын жоғалтқан немесе бүлдірген жағдайда бұл туралы өздері болатын мемлекеттің құзыретті органдарына хабарлауға тиіс, ал

құзыретті органдар мұндай адамдарға паспорттарын жоғалтқаны туралы тіркеуді  
р а с т а й т ы н қ ұ ж а т б е р е д і .

2. Осы адам азаматы болып табылатын мемлекеттің дипломатиялық немесе консулдық өкілдігі жоғалтқан құжатының орнына оған паспорт немесе оның жеке басын куәландыратын кез келген құжат береді.

## **6-бап**

Осы Келісімді іске асыру барысында пікір алшақтығы туындаған жағдайда Тараптар оларды дипломатиялық арналар бойынша консультациялар арқылы шешеді.

## **7-бап**

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке Хаттамамен ресімделеді.

## **8-бап**

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді. Осы Келісім оның қолданысын тоқтату туралы Тараптардың бірі екінші Тарапқа жазбаша нысанда хабарлағанға дейін күшінде болады. Осы Келісім екінші Тараптың хабарламасын алған күннен бастап қолданысын тоқтатады.

Нью-Дели қаласында бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы жылғы 17 тамызда әрқайсысы қазақ, хинди, ағылшын және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей. Осы Келісім ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаса, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Үндістан Республикасының*

*Үкіметі үшін*